



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

01.09.2018
Майкөмген ауылы

№ 186
село Майкөмген

**«Қамқоршылық кеңестің жұмысын
ұйымдастыру және комиссия
мүшелерін құру туралы»**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту» туралы 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қамқоршылық кеңес қызметін сайлау тәртібі ережеге сәйкес бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңестің комиссия мүшелері тағайындалсын.
Қамқоршылық кеңес төрағасы: Ергазиев Қосай – «Шерхан» ШҚ
Қамқоршылық кеңес мүшелері: Юханова Тілектес – «Амандық» ШҚ жеке кәсіпкер
Құрақбаева Бақтыгүл – №5 балалар мен жасөспірімдер мектеп медбикесі
Сауытов Нұралы – «Делхом-Жолдас» супервайзер
Есберген Бағдат – Жылыой ауданы полиция бөлімі, жергілікті полиция қызмет бөлімі, учаскелік полиция инспекторы, Полиция капитаны
Адырбаев Арайбек – «Мирас» ШҚ жеке кәсіпкер
Ихласов Мереке – ИП «М.Ихласов» жеке кәсіпкер
Құттыбаев Мұбарак - ШЧ-11 теміржолшы
Кенжебекова Күнсұлу – №9 Майкөмген ауылдық кітапхана меңгерушісі
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз қызметтерін орындауы жүзеге асырылсын.
4. Қамқоршылық кеңестің жұмысын қадағалауды өзіме калдырамын.
Негізі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту» туралы 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығы

Мектеп директоры:

Ангамасова

Д.А.Андамасова

"ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
"№17 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕП"
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №17"
ГОСУДАРСТВЕННОГО
УЧРЕЖДЕНИЯ "ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ЖЫЛЫОЙСКОГО РАЙОНА"

060105 Атырау облысы, Жылыой ауданы,
Майкөмген ауылы, Ақтан Керейұлы көшесі, 56
e-mail: mektep_17jyloi@mail.ru
Тел/факс: 8 (71237) 2-75-04

060105 Атырауская область, Жылыойский район,
аул Майкомген, улица Актан Керей, 56
e-mail: mektep_17jyloi@mail.ru
Тел/факс: 8 (71237) 2-75-04

№

Жылыой ауданы білім бөліміне
№17 жалпы орта білім беретін
мектеп әкімшілігінен

«№17 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ бойынша қамқоршылық 2023-
2024 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес құрамы туралы мәлімет.

р/с	Қамқоршылық кеңес құрамы	Кеңес құрамындағы атқаратын қызметі	Жұмыс орны	Мекен жайы
1	Ерғазиев Қосай Бөкенбайұлы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы	«Шерхан» ШҚ	с.Майкөмген С.Үргенішбайұлы №10
2	Юханова Тилектес Базарбаевна	Кеңес мүшесі	«Амандық» ШҚ	с.Майкөмген Қ.Смағұлов көшесі №142а
3	Құрақбаева Бақтыгүл Ердәулетқызы	Кеңес мүшесі	№5 балалар мен жасөспірімдер мектеп медбикесі	с.Майкөмген Данк көшесі №116
4	Сауытов Нұралы Сағиұлы	Кеңес мүшесі	«Делхом- Жолдас» супервайзер	с.Майкөмген Айнымас көшесі №72
5	Есберген Бағдат Тұрсынғалиұлы	Кеңес мүшесі	Жылой ауданы полиция бөлімі, жергілікті полиция қызмет бөлімі, учаскелік полиция инспекторы, Полиция капитаны	Құлсары қаласы Ғ.Қожағұлов көшесі №76-1
6	Адырбаев Арайбек Өтепұлы	Кеңес мүшесі	«Мирас» ШҚ	с.Майкөмген Данк көшесі №128
7	Ихласов Мереке Дүсенбаевич	Кеңес мүшесі	ИП «М.Ихласов»	с.Майкөмген Үркер көшесі №110
8	Құттыбаев Мұбарак Құсайынұлы	Кеңес мүшесі	ШЧ-11 теміржолшы	с.Майкөмген Т.Әлниязұлы көшесі №16а
9	Кенжебекова Күнсұлу Амандыққызы	Кеңес мүшесі	№9 Майкөмген ауылдық кітапхана менгерушісі	С.Майкөмген Әділет көшесі №171үй

Мектеп директоры:



Д.А.Андамасова

Бекітемін:

Мектеп директоры: Д.А.Андамасова

Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспары.

№	Жүргізілетін жұмыстар	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	«Мектепке жол» республикалық акциясының барысы туралы ақпарат. Көмекке мұқтаж отбасы балаларын анықтап, міндетті білім қорынан бөлінетін көмек қаржымен қамту мақсатында құжаттар жинақтау, демеушілер мен мекемелерді акцияға атсалысу жөнінде хабардар ету. Қамқоршылық кеңесі ережесімен, мектеп жарғысымен танысу. Қамқоршылық кеңес құрамын қайта сайлап, бекіту. 1- отырыс	Тамыз	Мектеп директоры ДТІЖО Қамқоршылық кеңес төрағасы, мүшелері
2	Оқушылардың денсаулығын сақтау үшін мектепте жағдай жасау. Ыстық тамақ сапасын бақылау және ұйымдастыру. 2023-2024 оқу жылы бойынша жеңілдетілген санатты отбасы балаларын анықтап, құжаттар жинақтау.	Қыркүйек	Мектеп директоры ДТІЖО Қамқоршылық кеңес төрағасы, мүшелері
3	Жаңа жылдық мерекелерге орай аудан, облыс әкімдік шыршаларына қатысатын осал топ оқушыларын анықтап, қамтылуын ұйымдастыру. 2- отырыс	Желтоқсан	Мектеп директоры ДТІЖО Қамқоршылық кеңес төрағасы, мүшелері
4	Мектепке келген-кеткен оқушылаға немесе осал топ оқушыларында өзгеріс болған жағдайда қайта құжат жинақтап, өзгеріс енгізу 3- отырыс	Қаңтар	Мектеп директоры ДТІЖО Қамқоршылық кеңес төрағасы, мүшелері
5	Жайсыз отбасы мен қиын оқушы анықталған жағдайда олармен түсінік жұмыстарын жүргізу	Мезгілінде	Мектеп директоры ДТІЖО Қамқоршылық кеңес төрағасы, мүшелері
6	Оқушыларды жазғы сауықтыру лагерлерімен қамту. Жыл бойындағы қамқоршылық кеңестің жұмысы туралы есеп беру 4- отырыс	Мамыр	Мектеп директоры ДТІЖО Қамқоршылық кеңес төрағасы, мүшелері

Дайындаған әлеуметтік педагог: Л.Достанова

Қамқоршылық кеңесті құру және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы

Құрметті ата-аналар! Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 355 бұйрығына сәйкес «№0 орта мектеп» МКМ қамқоршылық кеңесті құруға ұсыныстар қабылданатынын хабарлаймыз.

Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

- 1) жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
- 3) коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);
- 4) ата-аналар комитеті ұсынған әрбір параллель сыныптан, курстан сол білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі;
- 5) қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

Қамқоршылық кеңес құрамына "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдар кіргізілмейді. Олар:

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) медициналық қарсы көрсетілімдері, сондай-ақ психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтары (аурулары) бар, денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған;

Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі:

1) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

2) білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;

3) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлейді;

4) қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шалаларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

5) қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалуды туралы шешім қабылдайды;

6) білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейді;

7) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің білім беру

ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

8) орта білім беру ұйымдары басшысының лауазымына үміткерлермен әңгімелесу қорытындысы бойынша хаттамалық шешім шығарады және келіседі;

9) білім беру ұйымы басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуды және қазақстандық азаматтардың отбасыларына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде шараларды қабылдау туралы есебін тыңдайды;

10) білім беру ұйымы қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады;

11) білім беру ұйымының қызметімен, білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге жасалған жағдайлармен танысады, білім беру ұйымының психологын қатыстыра отырып, олармен әңгімелеседі.

Хаттама №1

25.07.2023ж

Қатысқандар:

Андамасова Динара - мектеп директоры
Ерғазиев Косай - Қамқоршылық кеңес төрағасы
Құттыбаев Мүбәрәк - кеңес мүшесі
Құрақбаева Бақтыгүл - кеңес мүшесі
Сауытов Нұралы - кеңес мүшесі
Есберген Бағдат - кеңес мүшесі
Ерғазиев Қосай - кеңес мүшесі
Достанова Лида - хатшы
Кенжебекова Күнсұлу - кеңес мүшесі

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамын сайлау.
2. «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру мақсатында №17 жалпы орта білім беретін мектеп бойынша осал топ оқушыларын анықтап, көмекпен қамтылуын қадағалау.
3. Анықталған осал топ оқушыларын міндетті білім қорынан бөлінген қаражатпен қамту.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Д. Алмазқызы күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша сөз алып, мектептегі Қамқоршылық кеңес мүшелеріне жыл бойы атқарған қызметтеріне алғыс айта отырып, кеңес төрағасын бұрынғы төрағаның өтінішіне орай қайта сайлау керек екендігін ортаға салды. Бұрынғы төраға мектеп басшысының ұсынысын қолдап, жаңа төрағалыққа кеңес мүшесі Қ.Ерғазиевті ұсынды. Кеңес мүшелері бір ауыздан қолдап, қарсы еместігін білдірді.

Сөйлеушілер:

Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы сөз алып, 1 тамыз 30 қыркүйек аралығында дәстүрлі «Мектепке жол» республикалық акциясы жүріп жатырғанын атап өтіп, акция барысында, міндетті білім қорынан бөлінген қаражатпен және демеушілікпен көмек алуға тиісті осал топ оқушыларымен таныстырып өтті. Анықталған осал топ отбасы оқушыларының жағдайларымен таныса отырып, кеңес мүшелері өз ойларын ортаға салды. Кеңес төрағасы К.Б.Ерғазиев сөз алып, анықталған

отбасылардың қаражатпен, демеушілік көмекпен қамтылуына бір ауыздан атсалысуға шақырды.

Әлеуметтік педагог Л.Достанова сөз алып:

Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Л.Достанова сөз алып, міндетті білім қорындағы қаражатпен қамту мақсатында, ата-аналардан құжаттар жиналып, өтініштері қабылданды. 35 ата-анадан өтініш келіп түсті. Келіп түскен құжаттар комиссия мүшелерімен тексеріліп, кіріс көзі есептелініп, жан басына шаққандағы күнкөріс деңгейінен төмен деген 21 отбасының құжаттары қабылданып, 49 бала қаржымен қамтылатын болып бұйрықпен бекітілді.

Қаулы:

- 1. Қамқоршылық кеңесінің комиссия құрамы өзгертілсін.**
- 2. Акцияға орай көмекке мұқтаж балаларды көмекпен қамту уақытылы ұйымдастырылсын.**
- 3. Міндетті білім қорынан қаражатпен қамтылатын отбасы оқушылары қаржылай көмекпен уақытында қамтылуы қадағалансын.**

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



К. Ергазиев

Хатшы:



Л. Достанова